

Алтыншаш Бейсембаеваға Ерейментау қаласынан бір көшеге есімін беретін кез келді. Бұл ойды барлық тарихшы ғалымдар мен жерлестері мақұлдайтынына көзім анық жетеді.

Егер осы тілегіміз орындалса, жазушы жерлесіміз Ілияс Есенберлиннің аңсап кеткен арманы орындалып, әруағы разы болар еді.

4-БЕТ | ТҰЛҒА



Специалист Молодежного ресурсного центра, принимавший участие в организации акции, подчеркивает важность социальных инициатив как способа создать в обществе культуру взаимопомощи и ответственности.

6-БЕТ | ПЕРСПЕКТИВА



Бөгенбай батыр ұрпағының қайсыбірінің қолында батырдан қалған қымбат белгі бар: дулыға, айбалта, найзаның ұшы, белбеуі, қамшы, сусын іштетін шарасы.

8-БЕТ | ТАНЫМ

Газет 1935 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

# ЕРЕЙМЕН

Дүйсенбі
№3 (9663)
2.02.2026

қоғамдық-саяси газеті

# ШАЛҚЫҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ – ӨҢІР БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ НАЗАРЫНДА

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Мұрат Балпан Ерейментау ауданына жұмыс сапарымен барып, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған бірқатар инвестициялық жобаның іске асу барысымен танысты.



Жұмыс сапары Тайбай ауылынан басталды. Онда облыс әкімінің орынбасары 2016 жылы құрылған «Ырыс-2016» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің қызметін көрді. Бүгінде ол кооператив «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 23,77 млн теңге көлемінде несие алуға өтінім беріп отыр. Жоба іске асқан жағдайда 3 жаңа жұмыс орны ашылады.

Одан әрі жұмыс сапары Торғай ауылында жалғасты. Бұл ретте өңір әкімінің орынбасарына «Торғай» ЖШС-нің қалмақ тұқымды ірі қараға арналған бордақылау алаңының жұмысы таныстырылды. Жобаның даму жоспарына сәйкес, аналық малды 17,3 мың басқа дейін жеткізу, 240 тікелей және 400 жанама жұмыс орнын құру, сондай-ақ бюджетке 1,1 млрд теңге көлемінде кіріс түсіру жоспарланған.

Бұл сапарда ет кластерін қалыптастыруға бағытталған консорциум жобасы да назардан тыс қалмады. Консорциум кеңесшісі Гүлмира Исаеваның айтуынша, жоба аясында қалмақ тұқымды ірі қараны өсіруге ниетті шаруашылықтармен жеке келісімшарттар жасалып, аналық мал беріледі. Ал оның құны ақшалай емес, төл түрінде қайтарылады. Бұл – фермерлер үшін қаржылық жүктемені азайтып, тиімді кооперацияны дамытуға зор мүмкіндік.

Келесі кезекте Мұрат Сағатұлы Торғай ауылдық округіне қарасты Қарағайлы ауылына барып, 2017 жылы құрылған СПК «Қарағайлы» кооперативінің қызметімен танысты. Онда 2025 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 8,8 млн теңге көлемінде несие рәсімделіп, ұсақ мал шаруашылығы жобасы бойынша 106 бас қой сатып алынған. Нәтижесінде 2 тұрақты жұмыс орны құрылып отыр.

Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасарына «Ерейментау Астық-2014» ЖШС және «Жаңа Береке Репродуктор» ЖШС іске асырып отырған ірі инвестициялық жобалар көрсетілді.

Оның ішінде «Ерейментау Астық-2014» ЖШС Торғай ауылында 5 мың басқа арналған қой бордақылау алаңын қайта жаңғыртып отыр. Жобаның бірінші кезеңінің құны – 180 млн теңге. Қазір шаруашылықта 4 575 бас қой бар, оның 1 700 басы бордақылауға алынған. Кәсіпорын 2024 жылдан бастап Қатар мемлекетіне қой етін экспорттап келеді. Ол жаққа осы уақытқа дейін 17 рейспен 30,7 тонна ет, яғни 1 252 бас қой экспортталған. Сонымен қатар серіктестік құны 195 млн теңге болатын құрама жем цехын қайта жаңғырту жобасын іске асырып отыр. Жоба толық іске қосылған жағдайда цехтың қуаттылығы ауысымына 5 мың тоннаға дейін жетеді.

Ал «Жаңа Береке Репродуктор» ЖШС өкілдері тәулігіне 20 тонна гидропоникалық жасыл мал азығын өндіретін өндірістік кешенді таныстырды. Ол кешен кәсіпорынның өз қаражаты есебінен салынған және толық инфрақұрылыммен қамтылған. Сонымен қатар онда қызыл калифорниялық құрттар арқылы биогумус өндіру жолға қойылып отыр. Экологиялық таза бұл технология мал қалдықтарын тиімді кәдеге жаратып, топырақ құнарын арттыруға бағытталған.

**Ерейментау ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

**QR-код арқылы қараңыз**

# Марат ӘУБӘКІРОВ, Торғай ауылдық округінің әкімі: «БІЗДІҢ ӨЛКЕНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР»

Ерейментау – тарихи өлке. Ол қазақтың дарынды дала жыршысы Иманжүсіп Құтпанұлы:
**«Бүркіт ұстап басыңа шығар ма едім,**
**Көзіме бір көрінші, Ерейментау!»** – деп күңіренсе, терең ойлы қаламгер Жұмекен Нәжімеденов:
**«Жатыр дала аяқталмай, басталмай,**
**Ұлылығы – Данте жазған дастандай»**, – деп жырлаған жер. Қазір осы ауданның құрамында мал және егін шаруашылығын дөңгелетіп, дамып келе жатқан 14 ауылдық округ бар.

Жақында біз Ерейментау ауданына іс-сапармен барғанда ауылдарға аялдап, соның ішінде Торғай ауылдық округінің әкімі Марат Әубәкіровпен арнайы кездескен едік. Осы кездесуде ол бізге елді мекеннің тыныс-тіршілігін жан-жақты әңгімелеп берді.



– Қазақстан – қазақ елінің атамекені. Өскен жері, өзен-көлі, тау мен тасы, ну орманы бірігіп, біртұтас мекенді құрайды. Осы мекенді болашақ ұрпаққа аманат етіп кеткен біздің ата-бабаларымыздың өткен өмірі, кешкен тіршілігі бізге аңыз әңгімелер мен жырлар арқылы жазылып қалған. Байтақ елдің кешегі жаугершілік замандардан аман-есен қалуы даналары мен даралырының ерен еңбегінің, көрегендігі мен білімділігінің арқасы деп білемін, – деп бастады әңгімесін әкім.

**– Иә, атамекен – ата-баба мекені. Ерейментау ауданы да қазақ тарихынан өзіндік орын алған. Бұл – батырлары белсене қорғап, жыраулар жырға қосқан ел. Ерейментау ауданының ауылдарына басшы болу да аса маңызды, жауапкершілігі зор жұмыс екенін жақсы білеміз. Сіз Торғай ауылдық округіне әкім болып келгенде жұмысты неден бастадыңыз? Әуелі осы туралы айтсаңыз...**

– Менің негізгі мамандығым – мал дәрігері. Осында әкім қызметіне келгеніме 11 жыл болды. Әуелі Торғай ауылының мектебінде оқыған соң, Астанадағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық техникалық университетін мал дәрігері мамандығы бойынша бітірдім. Содан кейін мал дәрігері болып 5 жыл жұмыс істедім.

Біздің ауылдық округте 5 елді мекен бар. Олар – Торғай, Қарағайлы, Төменгі Торғай, Жаңажол және Балықты ауылдары. Осы құрамға Торғай темір жол бекеті де кіреді.

Торғай ауылы – Торғай ауылдық округінің орталығы. Ол Ерейментау қаласының солтүстік басына қарай 27 шақырым жерде, Астана қаласының солтүстік шығысына қарай 120 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауылдың негізі 1934 жылы қаланған.

Ауылда орта мектеп, №8 АТК филиалы, ауылдық кітапхана, аурухана, Мәдениет үйі, Астық қабылдау пункті мен жеке кәсіпкерлердің дүкендері бар. Бірнеше жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен шаруа қожалықтары табысты еңбек етіп келеді. Ауылда екі мектеп бар. Бірі – негізгі, екіншісі – орта мектеп. Ауылдың басты табыс көзі – мал шаруашылығы. Жел электр станциялары да жұмыс істеп тұр. Ауылға екі үлкен инвестор келіп жатыр. Олар асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысады. Қазірдің өзінде 4 мың ірі қара бар.

(Жалғасы 3-бетте)

## ІСКЕ СӘТ, РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ!

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»
**Ахмет Байтұрсынов**



Мен қазақ тілінде шығатын газеттерді оқып тұрамын. Негізінен шығармашылық, ізденіс жағына көңілім толады. Біз қашанда өрескел, анайы айтуды ұнатпаймыз ғой. Даналығымыз бен даралығымыз осында шығар. Тұспалдап, мәдениетті түрде жазғанға не жетсін!

Газетті не үшін шығарамыз? Негізінен газет оқылсын, содан нәтиже болсын деп шығарылады. Кезінде Ж. Аймауытов: «Газет шылым орау үшін немесе тамызық болу үшін емес, мұндағы әрбір сөз оқылсын деп шығарылады. Сол мақсатта қызмет ететін болса, онда газет-журналдың пайдасы зор, оған қызмет етпейтін болса, оның құны – көк тиын, - деген. Ал оқылатын газет жасау үшін маркетингтік зерттеу жүргізу керек.

Оқырман неге қызығады? Сұранысы қандай? Осы жағын ойлаған басылымның болашағы зор, пайдасы мол болады деп ойлаймын. Бұрынғы кездегіге қарағанда бүгінде, керісінше, оқырман азайып бара жатыр. Жалпы қазақ газеттерін мұғалімдер де оқитын болса, ұрпақ тәрбиелеуде ілгерілеу болады деп санаймын.

Жаңа шыққан «ЕРЕЙМЕН» газетінің шығармашылық жағына көңілім толады. Салыстырмалы түрде айтатын болсам, жаңа басылым басқа, өзге тілдегі басылымдардан артық болмаса, кем емес. Газеттің екі нөмірі қызықты, тартымды, алуан түрлі тақырыпта шыққан. Тоқсан жылдық тарихы бар ауданымыздың газетінің қосқан үлесі өте қомақты. Ол – өміршең. Болашақ үшін де маңызы зор. Сондықтан да жаңа шығып жатқан газетіміздің әрбір сөзін талдап, бағалап, жас ұрпақтың санасына сіңіре түссек, ұтарымыз көп.

Газеттің жақсы болып шығуы қаржы жағына да байланысты деп ойлаймын. Сондықтан ауданымыздың халқы газетті оқып, қолдап, жазылып отырса дұрыс болар еді.

Қоғамға, халыққа қалтқысыз қызмет етіп жатқан журналистеріміздің еңбегі ескеріліп, бейнетіне сай зейнетін де көрсе екен деген ниет бар.

Жерлестеріме айтарым: «Ана газет өткір жазады, мына газет басқаша» деп біржақты айтуға болмайды. Газеттің әр санында кезекші мақалалар болады. Кейде жарқырап шығып жатқан газет келесі санында осалдау материалдар беруі мүмкін. Сондықтан кесіп айтпаңыздар деймін.

Іске сәт, редакция алқасы! Еңбектеріңе шығармашылық табыс тілеймін!

«ЕРЕЙМЕН» газетінің қадамы қайырлы, мерейі үстем болсын!

**Талғатбек ЖАНАЙДАРҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
білім беру ісінің
Құрметті қызметкері,
Еңбек ардагері,
Ерейментау ауданының
Құрметті азаматы**

Елімізде мемлекет басшысының пәрменімен 2 ақпан Ұлттық баспасөз күні болып жарияланғанын біреу білсе, біреу білмейді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынша айтқанда, XX ғасыр басында, шын мәнінде, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» қызыметін абыроймен атқарған «Қазақ» газеті алғаш жарық көрген күннің сала мамандарының мейрамына айналуын заңдылық та деп білеміз. Мұны президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлттық баспасөздің қадыр-қасиетін терең түсініп, жоғары бағалауы деп қабылдауға болады.

## «ЕРЕЙМЕНДІКТЕР», ЕРЛЕП ТҰРСЫҢДАР!

Десек те ұлттық баспасөз аса күрделі де қиын кезеңді бастан кешіп жатқанын жасырып қалуға тағы болмайды. Екі бүйірден қысып тұрған қымбатшылық: қағаз бағасының күн санап еселеп артуы мен баспахана шығынының үсті-үстіне өсуі аз болғандай, енді почта қызметінің үстемеленуі – сала мамандарын тығырыққа тіреп тұрған қысылтаяң шақ. Өңірлік басылымдарды айтасыз, республикалық газет-журналдардың өзі «шықпа жаным, шықпа!» деп шырылдағанын құлақ естіп, көз көріп отыр.

Осындай алмағайып уақытта «Ереймен» газетінің үлкен форматқа ауысып, түрлі-түсті бояумен шыға бастауы көңілімді бірден өзіне аударғанын несіне жасырайын. Ерейментаулық аса сыйлы ағам Талғатбек Жанайдарұлы қолыма ұстатқан басылым көлемі мен бояуының үйлесімімен көзіме оттай басылды. Менмұндалап қол бұлғап, өзін оқуға шақырып тұрғандай әсерге бөлендім. Беттерін парақтап, ішіне дендеп енген сайын түріне сай мазмұны да көңіл қылын шерткендей күйге ендім. Аудан халқының «көзі, құлағы һәм тілі» қызметін абыроймен атқарып жатқанына көзім жетті.

Сол замат басылым ұжымына табыстың кілтін тауып, нарықтың қыспағына қарамастан, жемісті еңбекпен жеткен жеңістерімен құттықтап, бірнеше буын журналистердің ұстазы ретінде бір ауыз жылы лебізімді жолдауды жөн санадым.



«Ерейменділер», ерлеп тұрсыңдар! Алған асуларыңнан алар асуларың биік болсын!

**Қайрат САҚ,
Лев Гумилев атындағы ЕҰУ
Журналистика мәселелерін зерттеу
институтының директоры,
профессор, Қазақстан журналистер
академиясының академигі,
алаштанушы-ғалым**

## «ЕРЕЙМЕН» АТАУЫН ОСЫЛАЙ АЛҒАН ЕДІ

Ереймен елінен самал желіндей есіп жеткен жақсы жаңалық жаныңды жадыратады. «Елде жаңа газет шығыпты» деген ел ағасы – елорда тұрғыны, Ерейментау ауданының құрметті азаматы Талғатбек Жанайдарұлының жүрекжарды хабарынан кейін қолға қалам алдым.

Есіме 90-жылдардың басында аудандық кеңестің сессиясында болған жағдай оралды. Кеңес төрағасы Қуандық Сырымбетов пен оның орынбасары Нәштай Айтмұханбетов аудандық «Прогресс» газетінің атауын өзгертуді күн тәртібіне қойды. Жетпіс жылдық тарихы бар аудан газеті заман ырғағына қарай әртүрлі аталып, соңғы 30 жылда «Прогресс» атын иеленген-ді.

Аудандық кеңестік депутаты болғандықтан, газет атауына қатысты қазақша басылымды «Ереймен», орысшасын «Ерейментау» деп атауды ұсындым. Мені қолдаған депутаттар осы газет атауын сессияда бекітті. Кейін жеке меншікке көшкен газет басқа аттармен шыға бастады.

Былтыр аудан газеті басқа жерден шығып, көңілді жүдетті. Енді міне, сол төл газеттің өз атауыңнан шыққаны қандай тамаша!

Арқаның ақиығы, Абылай ханның жорық жырауы, Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың қандыкөйлек жолдасы әрі руласы Үмбетей Тілеуұлының ұрпағы болғандықтан, шаттықты жыр шумақтары көкейге оралып отыр.

Ерейменде шыққан жаңа газетім,
Қызығып оқысын оқырманың әр бетін.
Бөгенбай батыр, Үмбетей жырау елінің,
Жарқыратып жаз жаңа Қазақстан келбетін!

Қадамың құтты, оқырманың көп болсын, «Ереймен»!

**Жеңіс БӨДЕШЕВ,
Елорда билер қоғамының биі,
Астанадағы Нұра ауданы
ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі,
Ерейментау ауданының құрметті азаматы**



# Саланың дамуына салмақ түспейді

Ерейментау ауданында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Мұрат Балпанның қатысуымен ауыл шаруашылығы саласына арналған маңызды жиын өтті. Басқосуға облыстық ауыл шаруашылығы саласына қатысты басқармалардың басшылары қатысып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттік бағдарламалардың іске асу барысы және жергілікті шаруалардың өзекті мәселелері жан-жақты қаралды.

Жиын аясында «Кең дала 2» бағдарламасы мен Азық-түлік келісімшарт корпорациясы арқылы несие алған борышкерлермен жеке кездесу өткізілді. Онда көктемгі егіс жұмыстары мен күзгі орақ науқанына алынған қаржыны қайтару тәртібі талқыланып, облыс әкімі орынбасарының талабына сәйкес, әрбір борышкер бойынша қарызды қайтарудың нақты мерзімдері бекітілді.

Сонымен қатар жиында «Ауыл аманаты» бағдарламасының іске асу барысына ерекше назар аударылды. Ол бағдарлама аясында Ақмола облысына республикалық бюджеттен 2,5 миллиард теңге бөлінген. Оның ішінде Ерейментау ауданында жалпы саны 90 жоба іске асырылып жатыр. Соның 53-і мал шаруашылығы бағытына тиесілі болып, бұл салаға 528 миллион 412 мың теңге қаржы қарастырылған.

Бұдан бөлек, «Көкше» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы аудан аумағында жылқы, қой шаруашылығы, ірі қара мал өсіру және бордақылау алаңдарын дамыту бағытындағы 8 жоба жанданып келеді. Комиссия шешімімен ол жобаларға 213 миллион теңге көлемінде қаржыландыру мақұлданып, бөлінген қаражат толықтай игерілді.



Жиынды қорытындылаған Ақмола облысы әкімінің орынбасары Марат Сағатұлы ауданның жергілікті атқарушы органдарына мал шаруашылығы саласын одан әрі дамытуға, соның ішінде Ерейментау аймағында ет кластерін қалыптастыруға бағытталған жобаларды тұрақты бақылауда ұстауды және олардың тиімді іске асырылуына барлық күш-жігерді жұмсауды тапсырды.

**Бахтияр ЖЕПЕНОВ,
Ерейментау ауданы әкімінің
баспасөз хатшысы**

ГАЗЕТ – ЕЛДІҢ ШЕЖІРЕСІ

# Жастарға жаңа реформаның жайы түсіндірілді

**Ерейментау ауданы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудандық AMANAT партиясының атқарушы хатшысы Мерей Касеновтің жастармен кездесуі өтті. Еркін форматтағы бұл жиын қоғамдағы өзекті саяси үдерістерді түсіндіруге, жастардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға және олардың көкейіндегі сұраққа жауап беруге бағытталды.**



Кездесуде негізгі назар V Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасаған баяндамасына аударылды. Мерей Касенов онда айтылған ел дамуының стратегиялық бағыттарына, қоғамдық келісімді нығайту, әділетті мемлекет құру, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелеріне кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, Ұлттық құрылтай – жаңа идеялар мен бастамалардың қайнар көзі.

Сондай-ақ кездесуде бір палаталы Парламент құру бастамасы туралы жан-жақты ақпарат берілді. Бұл өзгерістің мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыруға, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыруға және саяси шешімдердің жедел қабылдануына ықпал ететіні атап өтілді. Атқарушы хатшы жастарға конституциялық реформалардың мәні мен олардың ел болашағы үшін маңызын қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізді.

Жиынның тағы бір маңызды тақырыбы – Цифрландыру және жасанды интеллект жылының жариялануы. Бұл бастама Қазақстанның технологиялық дамуына серпін беріп, жаңа мамандықтардың қалыптасуына жол ашатыны айтылды. Мерей Касенов жасанды интеллект, цифрлық шешімдер, IT саласының еңбек нарығындағы рөлі туралы айтып, жастарды осы бағытта білім алуға, инновациялық жобаларға белсенді араласуға шақырды.

**Ерейментау ауданының
Жастар ресурстық орталығы**

QR-код арқылы қараңыз

# Марат ӘУБӘКІРОВ, Торғай ауылдық округінің әкімі: «БІЗДІҢ ӨЛКЕНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР»

**(Басы 1-бетте)**

Төменгі Торғай ауылында бордақылау, қой өсірумен айналысатын шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Соның бірі – «Ерейментау-астық 2014» ЖШС. Былтыр бұл серіктестік Торғай ауылында құрама жем зауытын іске қосты. Қарағайлы ауылында ұлттық паркіміз бар. Оған жылына 10 мың турист келеді. Шетелден де, өзіміздің елден де тұрақты түрде келетіндердің саны көп.

Торғай ауылдық округіне қарасты «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағына Қосбатыр-Құмай түркі археологиялық-этнографиялық ескерткіш кешені салынған. Бұл тас мүсіндерді өңірдегі көне түркі дәуірінен қалған бірден-бір мұра деуге болады. Өйткені кешеннің негізгі атрибуты – сол қолына шағын қанжар, оң қолына ыдыс ұстаған қос балбал. Бұл мүсіндер – ежелгі түркілерге тән белгі-бейне. Кешеннің «Қосбатыр» аталуына да қос балбалдың қатар орналасуы себеп болған сияқты. Кезінде атақты археолог Әлкей Марғұлан бұл нысандарды көріп, белгілеу жазба қалдырған екен. Сонда ол бұл жәдігерлер ерлік жасап, аты аңызға айналған қос батырдың құрметіне қойылуы мүмкін деген тұжырым жасаған көрінеді. Бастысы, ол ескерткіш кешен – аудан аумағындағы ежелгі түркі дәуіріне тән көп компонентті жалғыз жәдігер.

Жалпы, ауыл тоғыз жолдың торабында орналасқан соң, оның болашағы зор деуге болады. Округ бойынша, халықтың жалпы саны – 1 890 адам. Торғайдың өзінде 1 300-дей адам тұрады. 11 сыныптық мектепте 270-тей бала оқып отыр. Оған екі жыл бұрын күрделі жөндеу жүргіздік. Іші-сырты толығымен қамтылды. 60 орынға арналған «Әмина» балабақшасы да бар. Ол 2018 жылы ашылды. Бұған дейін ауылда шағын орталық болған. Шынын айтқанда, ол білім бермейтін еді. «Ең бірінші жұмысты неден бастадыңыз?» деген сұрағыңызға келсем, 2017 жылы жаңа балабақшаны ашудан бастадым. Оның ашылуына өзіміз атсалыстық. Ескі ғимарат толығымен жөнделді. Оған Ерқанат Мизамбай деген жігіт қол ұшын созды. Қателеспесем, ол Қосшыға да балабақша салған. Мектепке дейінгі білім беру нысанын салуды негізінен біз бірінші болып бастадық. Қазір онда 15 шақты адам жұмыс істейді. Ата-аналар таңертең балаларын тәрбие және білім ордасына апарып, кешкісін үйлеріне алып кетеді. Соған бәрі үйреніп келеді. Алғашқы кезде олар балаларын апарғысы келмеген. «Балабақшаның керегі не? Ол қымбат» деген сияқты әңгіме болған. Қазір бәрі керісінше. Ата-аналар риза. Бала үшін 10 мың теңге төлейді.

Мәдениет үйі де бар. Былтыр оған күрделі жөндеу жасалды. Былтыр жыл соңында, нақтырақ айтсам, 4 желтоқсанда жаңа амбулатория ашылды. Онда бас дәрігер, 6-7 медбике жұмыс істейді. Штат толық.

Ауылда тасжол салынып жатыр. Қазірдің өзінде орталыққа 6 шақырым, Төменгі Торғайға 3 шақырым жол салынды.

Енді ауылымыз ақырындап дамып келе жатыр. Қысқаша мәлімет – осы.

**– Ал ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту жағы қалай болып жатыр?**

– Ол жағынан проблема жоқ. Жұмыс көп. Істеймін деген адамға екі қолға бір күрек табылады. Орташа жалақы – 150-300 мың теңге аралығында. Кейбіреуі 300 мың теңгеге дейін алады.

Биыл «Ауыл аманаты» микронесиелеу бағдарламасы бойынша Қарағайлы ауылында Әсет Манабаев деген жігіт 8 800 000 теңге несие алды. Оған 104 бас ұсақ мал сатып алған. Осы ақшаны ол 9 жылда өтеуге тиіс. Айта кетсем, бұл бағдарлама бойынша 2,5 пайызбен несие беріледі. Енді Әсет Манабаев оны 9 700 000 теңге етіп қайтарады. Сонда айырмашылық – 1 млн теңге. Қазірдің өзінде 170-тей қойы бар. Жай тұқымды қойлар. Олар төлдеген сайын несиені 5 жылда оп-оңай қайтарады.

**Тақырыпқа – тұздық**

Торғай ауылдық округі аумағының жалпы ауданы – 107 087,9 гектар (оның ішінде егістік – 3909,6, жайылымдық жерлер – 66 178,2 гектар).

Бүгінде бұл округтегі 1 846 адамның 277-сі – зейнеткер. 32 тұрғын «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталса, 1 адам кезінде Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан. Сондай-ақ онда 1 интернационалист жауынгер тұрады. 1, 2, 3-топтағы 47 мүгедек бар. Еңбекке қабілеттілер саны – 950 адам.

Сондай-ақ округ орталығында пошта байланысы пункті, 1 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік пункт, 2 Мәдениет үйі және ауылдық кітапхана бар. Қарағайлы, Төменгі Торғай ауылдарында және Теміржолшылар көшесінде тұратын оқушылар мектепке арнаулы автобуспен жеткізіледі.

Төменгі Торғайда гемпшир тұқымды қойлар да өсіріліп жатыр. Ол біздің меринос қойлары секілді. КСРО кезіндегі майдың бәрін сүбесіне жинайтын, тез жетілгіш қойдың бір тұқымы. Бұл – қылшық жүнді емес, биязы жүнді қой. Мен мұның бәрін мамандығым мал дәрігері болғандықтан білемін.


QR-код арқылы қараңыз

Қазір үміткер Дәуренбек Төлеген деген жігіт те 5 миллион теңгеге 70 бас ұсақ мал сатып алуға құжат тапсырып отыр. Ол құжаттар «Көкше» ӘКК қарауында.

**– Инвесторлар туралы айттыңыз ғой. Олар кімдер? Немен айналысады?**

– Бұрын Валерий Кармелюк деген кісі болған. Ол шаруашылығын сатып кетті. Енді «Торгай», «Соколинки и К» мен «Номад» ЖШС бірігіп, көп жұмыс істеп жатыр. Олар малдың басын 30 мыңға дейін көтереміз деп отыр. Қалмақ тұқымды, яғни етті сиырдың бір жақсысы, ауа райына тез бейімделеді. Ол қыста арық болса да төзімді болып, жылқыша тебіндеп жүре береді. Ал біздің ақбас, мангус тұқымды ірі қаралар қиындыққа шыдай алмайды. Оның бәрін салыстырмалы түрде айтып отырған себебім, біздің ауданда жел жиі соғып тұрады. Баяғыда Асан қайғының «Тоғыз жерден жел үрлейді» дегені – осы жер.

Бұл ретте «ПромЭлектроСеть» пен «Алко Энерджи Ерейментау» кәсіпорындарының демеушілік жасап жатқанын да айта кеткен орынды болар. Былтыр олар Жаңажол ауылындағы мектепке жиһаз сатып әперді.

**– Енді ауыл шаруашылығының эспорты туралы айтып берсеңіз...**

– Былтыр облыс әкімі Торғай ауылында екі рет болды. Төменгі Торғай ауылына барып, халықпен кездесті. Біздің ауылдың қой шаруашылығында экспорт жақсы. Малды көбіне Қосшы қаласындағы «Алтын таға» сауда кешеніне апарады. Сол жерде қойды марлымен орайды да Қатар еліне қатырмай, салқын күйінде жібереді. Қойды елдің бәрі алады. Маңайдағы ауылдар да алып жатыр. Тірі салмағы – 1 500 теңге. Орташа есеппен санағанда, тоқтының бағасы – 60-70 мың теңге. Оны алып соймайсыздар, анықтама алып әуреге түспейсіздер. Машақаты жоқ. Сіздер әкелсеңіздер, оны айдап әкетеді. Сол жерде тұрып, есебін береді де шотқа бірден жібереді. Меніңше, бұл – ауыл тұрғындарына тамаша дүние.

Біз көбіне Астана іргесіндегі Родина ауылын керемет деп мақтаймыз ғой. Бірақ онда адам қосалқы шаруамен айналыса алмайды. Таңертең жұмысқа барады да кешкісін үйіне қайтып келеді. Ал бізде жұмыс жетеді. Малыңды ұста, малшыға бірігіп қос. Үйде шаруамен айналыс. Бұл – қосымша табыс көзі. Тамаша ғой? Ал Родинада сырттан мал ұстатпайды. Оған рұқсат бермейді. Адам ондағыдай 300 мың теңге жалақыны осы жерден де алады. Сондықтан біздің ауылдың болашағы зор деп ойлаймын. Табыс табуға мүмкіндік көп. Егер осылай дамып кетсек, біз әжептәуір алға шығамыз. Енді жасыратыны жоқ, жолдың проблемасы бар. Ауылға кіреберісте жолымыз нашарлау. Биыл облыс әкімі мемлекеттен қаржы бөлінеді деді. Айналыс жол да істеледі. Ішкі көшелердің біразы қалыпқа келген. Енді 1-2 шақырым ғана қалды. Оған сараптама құжаттары дайын. Ақша бөлінген, соны күтіп отырмыз. Жарықтандыруға да мүмкіндік бар. Ерейментау ауданының әкімі Нұрлан Мұқатовтың қолдауымен шаруаның бәрі рет-ретімен шешіліп жатыр.

**– Жергілікті мамандарға қандай жағдай жасалған?**

– Қазір өздеріңіз білетіндей, «Дипломмен ауылға» деген мемлекеттік бағдарлама бар. Сол бойынша мал дәрігері, мұғалім, мемлекеттік қызметкер, медицина мен басқа да саланың мамандары жұмыс істейді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасына ақша бөлінген. Дегенмен бізге әлі де электрик, тракторшы, мал дәрігері, мұғалімдер керек. Өзімізде үлкен құрама жем зауыты бар. Соған да еңбек күші қажет.

Көші-қонға Үкіметтен 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақша бөлінген. Ол шет елден келген ағайындарға беріледі. Ауылда Моңғолиядан 45 отбасы көшіп келді. Қытайдан келмеді. Азаматтық алмағандар ықтиярхатпен тұрып жатыр. Алдағы уақытта ҚХР-дан 20 отбасы көшіп келеміз деп отыр.

Біз «Серпін» бағдарламасына кірмейміз. Ол бағдарлама Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында жұмыс істейді.

**– Ауылға демеушілік көрсетіп жатқан азаматтар бар ма?**

– Иә, бар. Демеушілер Жаңажол ауылындағы мектепке 800 мың теңгеге пластикалық терезелер салып берді. Шаруа қожалықтары 10 әйнек алды. Асхананы да пластикалық тереземен жабдықтады. Басқа да демеушілер қолдан келгенше көмектесіп жатыр.

Ауылымыз тыныш. Полиция бекеті бар. Жалпы, жергілікті тұрғындар – жақсы адамдар.

**– Ауыл неге Торғай деп аталады?**

– Бұрын осы жерде Торғай деген атысойы бар тұлға болған дейді. Ауыл сол кісінің есімімен аталатын көрінеді.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан Дастан КЕНЖАЛИН**

# ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДА ТҮЛЕГЕН АУЫЛ

Торғай – Ерейментау қаласынан шамамен 27 шақырым солтүстік-батыста, ал Астана қаласының солтүстік шығысына қарай 120 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауылдық округ құрамында бірнеше елді мекен және темір жол станциясы бар.




Бұл ауыл елді мекендерде шаруашылық және кеңшарлар құрылып, темір жол бойынша іргелі пункттер пайда болған кезде ашылған. Іргесі 1934 жылы қаланды.

Торғай ауылы арқылы Астана – Павлодар – Ерейментау бағытындағы автожол мен Ерейментау – Ақсу темір жолы өтеді.

Іргесінде ағып жатқан Сілеті өзені – Кедей өзенінің оң саласында. Оның бастауы Одырайтас тауларының оңтүстік-батысынан бастау алады. Ұзындығы – 32 шақырым. Қарақоңыр реңді топырағында бетегелі-селеулі белдер басым. Жартастары тіке орналасқан, далалық үңгірлер жиі кездеседі.

Торғай сүрме кен орны Астана қаласынан солтүстік батыста 135 шақырым жерде орналасқан. 1931-1932 жылдар аралығында Орталық геологиялық барлау институты кен барлау партиясымен барлау жүргізген. Ал 1933-1935 жылдары Торғай сүрме комбинаты жұмысын «Торғайстрой» бірлестігімен жандандырған. Кеніштің бұрынғы орнында кен құмдары мен сланец қатты конгломерат кендері кездеседі.

Торғайда сүрме комбинаты кен-байыту фабрикасының негізі қаланды. «Чушка» деген металл құйылатын қалып бар. Соған металл толтырылып, Қытайға жөнелтіледі. Ол «чушкалар» Қытайдан сатып әкелінетін. Зауытта көмірмен жағылатын 4 пеш болған. Сол кезде темір жол болмаса да көмір Ақмоладан алдырылатын еді. Зауытта түрлі ұлт өкілдері жұмыс істеді. Еңбекақылары 2-3 айда, кейде 4 айда бір рет ұшақпен жеткізіліп тұрған. Зауытта зертхана болды. Онда пробиркалар жуылып, кен ыстары тазаланды.

Сүрме комбинатының алғашқы директоры К. Бадарян болды. Осы зауытта өткен ғасырдың 30-50-жылдары аралығында біраз адам еңбек етті. Еңбек ардагерлері Қызкен Біләлов, Құрмет Бегалинов, Елена Бурякова, Эмма Мельман, Антонина Чабан, Анна Полищук, Миланья Антонюк, Балташ Айсабаев, Дмитрий Золотухин, Любовь Бережная, Александр Пастушенко, Дәмет Әлжанова, Сыздық Есентаев, Қамария Есентаева, Мария Педан өздерінің жастық шағын, ғұмырын туған ауылына, еліміздің өсіп-өркендеуіне арнады.

Торғай ауылының көптеген жігіті ІІ Дүниежүзілік соғыста қаза тапты. Кейігі жылдары Николай Бугаенко, Ғазез Көкешов, Федор Спижевой деген азаматтар өмірден өтті. Қазір Балықты ауылында соғыс ардагері Марк Спижевой тұрады.

Самайын қырау шалған қариялар өздерінің күш-қуатын туған ауылдарын көркейтуге жұмсаған. Олардың еңбектері өскелең ұрпаққа үлгі етуге тұрарлық. Кеңшарда бірнеше жыл В.А. Хирний, Құрмаш Жаңабеков, Найзабек Мұқантаев, Андрей Лореш директор болды. Сондай-ақ ауылға Еламан Әлжанов, Құсайын Дүйсенов, Нина Наимушина, Аман Ыдырысов, Галина Жүсіпова деген басқармалардың да еңбегі сіңді. Партия ұжымының басшысы болып Валентина Щепелюк жұмыс істеді. Мектеп директорлары Е.П. Степанов пен Ақтай Ахметовтің де еңбегі ерен.

Ұстаздар Мәжит Дүйсенбаев, Шорман Мәмбетов, Манасия Байжанова, Нелли Герман мен Екатерина Бардинаның, механизаторлар Юрий Герасименко, Виктор Кузьменко, Михаил Калин, Иван Матренин, Иван Чимирюк, Алексей Семко, Николай Ломако мен Хасен Айтжановтың, малшылар Валентина Попеско, Қадиша Сыздықова, Әлдібек Мақажанов, Өндіріс Мұқатов, Әміржан Көлбаев, Дүйсен Ахметов, Боптай Әлиева, Алтын Жұмағұлова, Күлғайша Жылқайдарова, Зураш Өмірбаева, Майлыбай Тоқсанбаев, Клара Кәрімбекова, Любовь Ковалева, Нұрсұлу Қойбақова мен Айша Шайхананың, сонымен бірге автокөлік жүргізушілер Аманбек Айсабаев, Николай Ходоровский мен Леонид Руденконың еңбегі сіңді.

Қадиша Сыздықова, Дәмет Әлжанова, Гертруда Чимирюк, Алтын Жұмағұлова, Акаш Хамзина көпбалалы, ардақты ана атанды. Ал участкелік ауруханаың бас дәрігері Ахмет Сугралин болды.

Александр Герман мен Яков Киселевтің есімі дүйім жұртқа белгілі. Олар – Кеңес Одағының батыры атағын алған жерлестеріміз. Сонымен бірге ІІ Дүниежүзілік соғыста ерлік көрсетіп, Федор Спижевой, Марк Спижевой, Николай Бугаенко пен Ғазез Көкешов орден, медальдармен марапатталған.

**Ерлан ИСАБАЕВ,**
**Торғай ауылы әкімдігі**
**бас маманының міндетін**
**атқарушы**

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ ДЕ ЫСТЫҚ

# ЕРЕЙМЕНТАУДЫҢ ЕРЖҮРЕК ҚЫЗЫ

Уақыт өткен сайын баяғы күндердің белгісі шыға бастайды. «Тау алыстаған сайын биіктей береді» деуші еді. Кезінде әділ бағасы берілмей, елеусіз қалған, «елім, жерім» деген қаншама азаматтарымыз өз өмірін сарп етті. Кейде тарих қойнауына кіре қалған бір оқиғаны көзін ашып, соңын бас-аяғына дейін оқып, зерделеп кетесің. Бұндай оқиғалар ертегі сияқты емес, жер-жаһанға тарап кетпесе де біраз елге мәлім болып жетіп жатады. Осындай үрдістер кез келген азаматтың өз еліне, туған жеріне деген патриоттық сезімінен туатыны кәдім. Бұл туралы біз кезінде естіген де болармыз, оған сүйсініп, таң қалып та жатқан кездеріміз болды. «Не деген ерлік, өжеттік, қайсарлық?» деп әрі бармай, сырттай бағалап қана қоя салған кездерді бастан өткердік.


Алтыншаш Бейсембаева

Бүгінгі көтеріп отырған сондай мәселенің бірі – Целиноград (Ақмола) қаласында 1979 жылы маусым айында болған, қазақ жерінде неміс автономиялық облысын құру жайы. Оған қарсылық көрсеткен көтерілістің өткені белгілі. Солардың ішінде шынымен де көптеген қазақтың көзіне жас алдырған, аса бір ерекше шешендікпен сөйлеген жас қыздың облыс басшыларына қойған талабы елді елең еткізген еді. Оның топты жарып, ортаға шығып, облыс басшыларының алдында: «Автономия туралы қаулы шығатын болса, мен өзіме керосин құямын да өз-өзімді елім үшін өртеймін! Менің өлімім, құрбандығым өз жерім үшін болады», – деген сөзі елді қатты толқытты.

Жазушылар Одағының пленум жұмысында белгілі қаламгер Ілияс Есенберлин осы қыз туралы оқиғаны естіп, жергілікті ақын Нұрғожа Оразға оны табуға өтініш жасайды. Амал қанша, қызыл кеңестік империяның қаһарында тұрған кезең. «Сен білдің, сол ержүрек қыз туралы» деп Ілияс ағамыз Нұрғожадан сұраған. Ол кезде оны тауып, кездестіріп, не аты-жөні туралы мәлімет беру өте қауіпті болатын. Сонда Ілияс ағамыз қатты өкініп тұрып: «Ең болмаса, сол қызды бір көрсем ғой. Оның атын айтсаң да болар еді. Кездесуге мүмкіндік болғанда, мен бір романды сол ержүрек қызға арнап жазушы едім», – деген екен.

Бірақ біраз жерден сұрастыра келгенде, оның ерейментаулық жас қарындасымыз екенінен, «аты-жөнін айтуға болмайды» деген басқа ешқандай мәлімет ала алмай кетті. Бұл жөнінде «Сарыарқа» журналының №6 нөмірінде 1993 жылы жазылған болатын. Артынан журналдағы бұл мақала да ұшты-күйлі жоғалып кетті.

Сонымен қатар ержүрек қызымыз Алтыншаш Бейсембаева жөнінде М. Омаровтың «Познание себя» атты кітабында жазылған болатын. Бірақ онда да қыздың есімі белгісіз күйінде қалды. Уақыт өте империя да, саяси жүйе де, қоғамдық өмір де өзгерді. Кейін көтерілген тақырыптың бірі Алтыншаш Бейсембаеваның неміс автономиясына қарсы шыққандығы, соның ұйымдастырушысы болғаны жөнінде еді. Болған жағдайды Целиноград облыстық партия комитетінің бас хатшысы Н. Морозовқа Алтыншаштың қайсарлықпен айтқан сөздерін, соған қарсы митингке белсенді қатысушы болғанын айтып та, жеткізіп те берген Әйтім Жанайдаров ақсақал еді. Әйтім ақсақал кайтыс болған соң бұл біраз уақытқа дейін көтерілмей қалды.



Алдыңғы кездесуде Әйтім ақсақал журналист Амантай Көкенге: «Алтыншаш – менің туған жиенім. ЗАГС-те жұмыс істейді. Целиноград қаласындағы неміс автономиясына қарсы көтеріліске қатысқан. Қарсылық көрсеткен. Ерейментауда тұрады осы уақытта», – деген екен. Арада уақыт сала бұл тақырыпты Ерейментау ауданына қарасты Торғай поселкелік орта мектебінің директоры Жеңіс Бедешов, облыстық «Арқа ажары» газетінің бөлім басқарушысы Ілияс Қарағозин, «Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері Раиса Ыбыраева сол 1979 жылғы болған оқиғаның нақты екендігін анықтап, Алтыншаш Бейсембаева мен кездесу ұйымдастырылды.

Бұған қоса тағы бір қуанарлық жайт, халықаралық Digital тарих порталына соңғы жылдары Орталық Коммунистік партияның шешімдері, олардың Қазақстанға қарсы жасаған қүйтырқы іс-шаралары жөнінде мәліметтер шыға бастады. Сарапшамашы, тарихшы ғалымдар қызыл партияның ішкі және сыртқы саясатының, Қазақстан еліне жасаған отарлық, озбырлық әрекеттерінің бетпердесін ашуда терең зерттеулер жүргізіп, өздерінің ғылыми ізденістерінің нәтижесін жариялай түсті. Соның қатарында еліміздің солтүстігінде 1979 жылғы маусым айында Целиноград қаласында неміс автономиясын құруға қарсы көтерілісі болғаны бар. Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Амангелді Қашқымбаев 2014 жылы «Деспотизмге қарсы шыққан» деген мақаласында «Оның ішінде Алтыншаш Бейсембаева болған» деп нақты жазып көрсеткен. Өйткені ол кезінде Алтыншаш Бейсембаевамен кездескен, оның 80 жастағы анасымен де сұхбаттасқан. Анасы: «Осы қарсылық көрсетудің зардабын қызым қатты тартты», – деп тергеушілердің қайта-қайта сұрау алғанын, қызының денсаулығына зиян келтіргенін тілге тиек етті. Қайда барса да қызына ешқандай мүмкіндік бермей, еш жерге жұмысқа алмай, оқудан шығарып тастағаны, соның салдарынан Алтыншаштың көп қиямет көргені айтылды. Бірнеше рет жүйке жүйесіне салмақ түсіп, науқастанып қалғанын да әңгімелеп берді. Тек 90-жылдардың аяғында ғана Алтыншаш жоғары оқу орнына түсіп, заңгер мамандығын тәмамдап шығады.

2016 жылы А. Қашқымбаев: «Мен Ерейментау қаласына барған сапарымда Алтыншашпен кездестім. Жұмыстан сұранып шығып, біраз сұхбаттастық. Бірақ, өкінішке қарай, ұзақ әңгімелесе алмадық. Уақыт тапшы болды. Ол кезде Алтыншаш машина жасау зауытында жұмыс істейтін», – деп сыр бөлісті. Сол сәтте оның өмірі де жақсара бастаған, тұрмысқа шығып, ұл мен қыз өсіріп, олардан 4 немере сүйген кезі екен.

«Алтыншаштың ерлігі – дайын романның сюжеті еді. Ешкімнің күмәні болмаса, мен Целиноградтағы жастардың қарсылық көрсеткен ерлігі туралы жазамын және де мақтан тұтамын» деп жазған болатын атақты жазушы Ілияс Есенберлин.

Қазір Алтыншаш Бейсембаева жөнінде біраз мағлұмат жеткілікті түрде шығып жатыр. 2019 жылы 9 сәуірде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих кафедрасы «Бір халық – Бір ел – Бір тағдыр. Целиноград оқиғасына – 40 жыл» атты дөңгелек үстелге Алтыншашты арнайы шақырған. Сонда бірнеше ғалым және студенттер ғылыми мақала жазып, 1979 жылы Целиноград қаласында болған көтерілістің 40 жылдығына арнап баяндама жасап, өз ойларын ортаға салған болатын.

Біз Ерейментау ауданының батыр қызы Алтыншаш Бейсембаева туралы әлі де жазылар деген үміттеміз. Ол туралы арнаулар, естеліктер, әдеби шығармалар ақырындап жарияланып жатыр. Ендігі айтарымыз, Алтыншаш Бейсембаеваға Ерейментау қаласынан бір көшеге есімін беретін кез келді. Бұл ойымды барлық тарихшы ғалымдар мен жерлестері мақұлдайтынына көзім анық жетеді.

Егер осы тілегіміз орындалса, жазушы жерлесіміз Ілияс Есенберлиннің аңсап кеткен арманы орындалып, әруағы разы болар еді деген ойдамыз.

**Ұржамал ӘЛМЕНБЕТОВА,**
**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің тарих магистрі**

Биыл жазда жол түсіп, Ереймennің тау-тасын армансыз аралап, қасиетті жерлерге тәу етіп, асыл аруақтарға дұға оқып қайтып едік. Сол сапардағы бір олжамыз Сайлау Жылқыбаев деген жергілікті жампоз азаматпен танысуымыз болды десек, артық айтпаспыз.



Бұл өзі табиғат бір басына алуан өнерді үйіп-төгіп бере салған ақжолтай жігіт екен. «Көзіме бір көрінші, Ерейментау» деп аңсап барған бізге атамекеннің тарихынан ағыл-тегіл әңгіме тиегін жүрген жерде шым-шымдап ағыту да отырды. Сыпайы, сырбаз. Кей тұстарда өзі де аңғармай, арқаланып кететінін байқадық. Екі күн бірге болғанда жеті өнерді де жат көрмеген Сайлаудың ақындығына, әуесқой сазгерлігіне, әншілігіне, суретшілігіне тәнті болдық.

Ерейментаудың Бозтал деген боз көделі ауылында туып-өскен бозбас суретші болғанда да нағыз кәсіби суретші екен. Абай атындағы ҚазПИ-дің көркемсурет-графика факультетін бітіріпті. Содан ұзақ жылдар ауылында ұстаздық еткен, өнерін жас ұрпаққа үйреткен. Облыстық, республикалық байқауларда үздік мұғалім атанып, бас марапатқа ие болып, жүлделі орындарды еншілеген.

Суретшілігімен қатар ақындық дарыны ашыла түседі. Туған жеріне арнаған, адал махаббатты аялаған, ізгілік пен адамгершілікті ардақтаған талай жаһұт жырлар тудырады. Ақмола облысы мен республика көлеміндегі мүшәйраларда да бірде жеңімпаз, бірде жүлдегер болды. Сөйтіп Сайлау ақын ретінде танылды. Өлеңдері көптеген жыр жинақтарына кірді. «Бозталда қалған қолтаңба» және «Құдіретпен тілдесу» атты өзінің жеке өлеңдер кітабы да жарық көрді. Осы кітаптарын өзінің графикалық суреттерімен көркемдеп безендіргені қандай десеңізші!

Сайлау – сезімге бай, қиялы жүйрік ақын. Сарыарқаның саф самалындай таза, аңқылдаған адал жүрекпен жырлайды. Аяулы аға, жазушы Дүкенбай Досжанов дәл бағасын бергендей... «баяғы Атымтай жомарт секілді жан байлығын, жүрек жайсаңдығын жоғалтпай жүрген ақындарымыздың бірі әрі бірегейі – Сайлау інім. Адамның мұңын, шерін қозғайтын өлеңдері кісіге кереметтей әсер етеді. Шерленіп, мұңданып жүрген замандасын сілкіп оятып, жарыққа, жылы шуаққа шығарсам, көркейтсем дейді».

«Халқым бар менің – қазағым, қаным,
Құрмет тұтатын бар тілім.
Қаламмен әрлеп жазамын таңын,
Тірліктің жырлап әр күнін».

Біздің Сайлау, міне, осындай үлкен жүректі, кеңінен толғайтын азамат ақын. Құстың қос қанатындай болып, ақындығына қоса сазгерлігі шарықтады, жыр туған жүректен бүлкілдеп ән де туды. Ол бүгінде көпшілік, әсіресе ерейментаулық қалың қауым сүйсіне қабылдаған 50-ден аса асқақ та айбынды, сырлы да сұлу әндердің авторы. Бозтал, Өлеңті, Ажы, Куншалған, Олжабай, Елтай, Жаңажол ауылдарына арнап әдемі әндер жазып, ол әсем әуендер халық арасына кеңінен тарады. Сөзі де, әні де өзінікі. Көпшілігінің орындаушысы да өзі. Гитарамен, домбырамен болсын, шырқатып сала береді. Бір өзі – бір театр. Осындай өнерпаз Сайлау бауырымызды бүгінгінің сал-серісі демегенде, не дейміз?!

Жақында Астананың төрінде, Ұлттық академиялық кітапхананың үлкен залында өткен «Жүрегім – жыр, өмір – өлең, үнім – ән» атты шығармашылық кешінде Сайлаудың жырларын жырғай тыңдап, әуелеген әндеріне елітіп, құлақ құрышымызды қандырдық. Оның жырларында елжанды рух, әндерінде заманға сай саз барына қуандық. «Олжабай батыр» әнінен ерлік дабысы естілсе, «Бөгенбай батыр» әні Ерейментау елінің гимніндей шалқар айдындарда шалқытады, көңілді зау биікке шарықтатады. «Ерейменім – сағынышым», «Беу, дүние», «Қаз қонған көл» әндері де адамды бір аңсарлы ізгілік нұрымен баурайтындай.

Сайлаудың тағы бір қыры – елшілдігі, айналып қазығын табатын қазақы аттай жершілдігі, ел мен жердің тарихына құмарлығы, жәдігершілдігі дер едік. Осы қасиеттері әсіресе Ерейментау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, Бөгенбай батыр атындағы аудандық тарихи өлкетану музейінің директоры қызметтерінде жақсы танылды, жарқырап көрінді. Мұражайдағы қаншама экспозициялық қорды жасақтауға жанкешті еңбек сіңірді, ондағы ғылыми-зерттеу, насихат жұмысын жолға қойды.

Ерейменде қанша жылдан бері әдеби-мәдени, концерттік, ана тілімізге қатысты қандай да бір шаралар осынау алуан дарын иесі, арда азаматсыз өтіп көрген емес. Бәрінің басы-қасында Сайлау жүреді. Алқалы жиынды, думан-сауықты Сайлау көркейтеді. Салт-дәстүріміздің де шырақшысы болып кетеді...

Қазақтың әр ауылында Ереймennің өнерлі салсерісі Сайлаудай азаматтар көбірек бола берсін, лайым.

# СОЛ ЖАҚТА САЛ-СЕРІ БАР САЙЛАУ ДЕГЕН...

**Қорғанбек АМАНЖОЛ**

# ЕРЕЙМЕНГЕ БАРДЫҢ БА, ЖЕЛБАҒАНДЫ КӨРДІҢ БЕ?

Алдымен тарихи деректі еске түсірейік. Желмаясымен желе жортып, байтақ даламыздан жердің жәннатын іздеген абыз Асан қайғы Ерейментауды көргенде не деп еді? «Желдің жеті есігі бар екен. Қыс болса, жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішіндегі құлын тұрмас Ораздының жайлауы, Жиырлының қыстауы екен. Екі жағындағы ел бай болар да қақ ортасын қоныс қылған ел кедей болар. Бітісі жаман екен. Біріменбірі төбелесетұғын кісі сықылды ерейіп тұрғанын! Панасы жоқ дала секілді тау екен». Осылай десе де біздің дәуірдің данышпандары тынымсыз желдің де оңтайын тауыпты. Он екі айдың қай сәтінде де «құлақтан ұрған танадай» тына қалатын, күні санаулы Ерейментаудың желі елге пайда әкелуде.



### ЭКСПО КӨРМЕСІН ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМТЫДЫ

Аудан орталығына жақындағанда Тайбай, Малтабар ауылдары тұсында әлгі ерейген таулардың ара-арасынан алып желбағандар менмұндалайды. Әр қондырғының биіктігі 85 метрге созылған. Ебелектің ұзындығы 45 метр болса, бағанның диаметрі – 9,3 метр. Жаны бар атаулының ығырын шығарған жел бағандар басындағы ебелектерді тынымсыз айналдырып тұр. Стансаға жақындаған сайын елордадағы жиындардан мәлім болған мәліметтер ойға орала берді. «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қаныш Молдабаев Индустрияландыру жөніндегі және «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламаларын іске асырудың кезекті қорытынды жиынында қуаты 45 МВт болатын Ерейментау ЖЭС-ін өндірістік пайдалануға берудің басталғаны туралы баяндаған. Көп ұзамай, мұндағы «жасыл» энергия көзі ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің қажеттіліктерін қамтитыны белгілі болды. Қонақтарды станса алдынан тосып алған ЖЭС директоры Нұрлан Сақ ә дегеннен алып мекеменің тыныс-тіршілігімен таныстыра бастады.

«Компания негізі 2011 жылы ірге қалағанымен, құрылыс жұмыстары 2013 жылы басталды. Араға тағы екі жыл салып, тамыз айынан жел бағандарымыз іске қосылды», – деген Ерейментау ЖЭС басшысы қондырғылардың негізі Германияның «FWT» өндірісінде жасалғанын айтты.

«Жабдықтарымыздың бірсыпырасы Украина зауыттарында құрастырылса, ебелектер Қытайда өндірілді», – деді Н. Сақ.

### БЕС ҚАЛАНЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУҒА ҚАУҚАРЛЫ

60 гектар аумаққа тарамдала тартылған, 8 шақырымға дейін тізбектеле созылып жатқан желбағандардың жұмысы стансаның шағын ғана әкімшілік ғимаратында басқарылады екен. Кең мониторлы компьютерге үңіліп, әлдебір сандарға назар салып отырған оператор Дулат Кәрімовпен әңгімеміз бірден «жасыл» энергия тақырыбында өрбіді.

«Ғалымдар осы ЖЭС-тің құрылысын салу үшін біздің өңірді бекер таңдамаған ғой. Жұмысымыздың барысында жел қай бағыттан соқса да халыққа пайда әкелетінін түсінетін болдық. Тек секундына 3 метрден кем немесе 25 метрден артық тұрмаса болды, шаруамыз қыза береді. Әр күн сайын 45 МВт-ға дейін электр қуатын өндіреміз», – дейді оператор.

Көп жаймен ЖЭС директорының өндіріс істері жөніндегі орынбасары Ерлан Жақыпов қаныұтырды. Мекеме жұмысын бүге-шүгесіне дейін білетін маман алдымен сандарға жүгінді.

«Қондырғылардың іске қосылғанына бір жылдан асып барады. Қазан айындағы көрсеткіштерге сүйенсек, компания 15 айға жуық уақыттың ішінде 193 миллион кВт электр энергиясын өндірді. Негізі жылдық қуатымыз – 172 миллион кВт. Яғни, жүз пайыз қуатында жұмыс істеп тұр», – деді Е. Жақыпов.

Ерейментау ЖЭС өкілінің айтуынша, мұнда 22 дана желбаған бар. Әрқайсысы 2050 кВт қуаттылықта жұмыс істейді. Өндірілетін электр энергиясының барлығы дерлік ұлттық электр желісіне түседі.

«Біздің операторымыз – KEGOC АҚ. 4000 кВт қуатпен жұмыс істейтін Екібастұз ГРЭС-і мен Астананың арасындағы желіні жалғап тұрмыз. Негізгі тұтынушыларымыз да бас шаһарда», – дейді Е. Жақыпов.

Мамандардың сөзіне сенсек, күніне 45 мың МВт электр энергиясын өндіретін Ерейментау ЖЭС-і шағын-шағын 5 қаланы жарықпен қамтуға қауқарлы көрінеді. Өйткені іргедегі аудан орталығының 10 мыңға тарта халқы бір күнде 9 мың МВт электр қуатын тұтынады.

### ТАҒЫ БІР СТАНСА САЛЫНБАҚ

Қолданысымызға енген жаңа технология ғой, кадр мәселесі қалай шешілді?

«Бір қуантатыны, компаниямызда қызмет ететін 9 диспечер-операторымыз да осы ауданның тұрғындары. Және 30 шақты техникалық қызметкерлеріміздің барлығы – осы өңірдің азаматтары», – деген станса директоры Нұрлан Сақ жұмысшыларды Астана қаласында Украинадан келген білікті мамандар оқытып, үйреткенін жеткізді.

«Осында қондырғыларды орнатып, қойып берген де украиналық әріптестеріміз болатын. Олармен әлі күнге тәжірибе алмасып, білімімізді толықтырудамыз», – дейді ЖЭС басшысы.

